

ОЖСӨЖ №3 ТАҚЫРЫП СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫН ЖАСАЙТЫН ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫ

Орындаған: Студент Мералы Ислам
ПД-313

ЖОСПАР:

- Негізгі сұрақтар:
- Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасайтын қылмыскер тұлғасы

Сыбайлас жемқорлық (лат. *corruptio* - сатып алу) - мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады:

- қызмет өкілеттігін теріс пайдалану,
- билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру,
- парақорлыққа делдал болу,
- қызметтік жалғандық жасау,
- көрінеу жалған сөз жеткізу,
- сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету,
- көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару,
- жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу,
- лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.



«Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси дүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес.»


Н.Ә.Назарбаев

Қазақстандағы жемқорлық

- **Қазақстан** әлі сыбайласқан жемқорлық деңгейі өте жоғары елдер қатарында. Бұл әлем елдеріндегі сыбайласқан жемқорлық деңгейін анықтайтын **Transparency International** ұйымының 2017 жылғы қорытынды есебінде көрсетілген.
- Қазақстан 2017 жылғы рейтинг бойынша 131-орынға шықты.
- Қазақстанда зерттеулер 1999 жылдан бастап жүргізіле бастады. Егер сол кездегі елдегі сыбайласқан жемқорлық деңгейін (кестені қараңыз) алсаңыз, 2017 жылғы көрсеткіштен айырмашылығы аз. Қазақстанда сәл ілгерілеу болғанымен, индекс (2,2-2,8 балл) әлі төмен. Сыбайласқан жемқорлықтан арылған мемлекетте индекс 10 балды көрсетеді. Сол себептен, Қазақстан ең құрығанда 5 балл алуға ұмтылуы керек. Ал индексі 3 балға дейінгі кез келген елде сыбайласқан жемқорлық деңгейі өте жоғары болып есептеледі.

Transparency International ұйымының қорытынды есебі

Қазақстандағы сыбайласқан жемқорлық деңгейі



- **Құқықтық сипаттағы факторлар.** Сыбайлас жемқорлық - бұл әлеуметтік жауыздық, біріншіден мемлекетке үлкен қаржылық нұқсан келтіреді, екіншіден мемлекеттік биліктің беделіне залал келтіреді, үшіншіден қоғам мен мемлекет билігінің өкілеттіктерін моральдік түрде құлатады. Мемлекеттік аппараттың тиімсіз ұйымдастырылуының салдарынан қоғамда құқықтық реттеудің кемшіліктері де орын алуы ықтимал. Құқықтық реттеудің кемшіліктеріне кейбір елдердің заңнамасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы мәмілелер жасасқаны үшін қылмыстық жауапқа тарту және жазалау жүйесінің болмауы, мемлекеттік қызметті өтеу жөніндегі нақты ережелер мен регламенттің жоқтығы жатады. Ал бұндай жағдай ұйымдасқан қылмыспен астасып жатқан кәсіпкерліктің және биліктің тығыз байланыста жұмыс істеуіне өте тиімді. Осыған орай фаворитизм, протекционизм, лоббизм өркендеуде. Сонымен қатар непотизм мен саяси демеушілік те кең тараған. Сыбайлас жемқорлық қалыпты нормаға айналады. Ал бұл – құқық қорғау органдарының, көп жағдайда осы органдардың өзі де сыбайлас жемқорлыққа малынған, біріншіден, институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге күші жетпейді, екіншіден құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқорлық субъектілері өз заңдарына бағындырады. Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі жазаға тартылмағандықтан, қылмыстық істерін одан әрі жалғастыра береді. Көп жағдайда сот жүйесі сыбайлас жемқорлық субъектісіне қатысты өз бетінше және тәуелсіз шешім шығара алмайды. Тәуелсіз құрылымдар енгізілген бірқатар елдер (АҚШ-та тәуелсіз прокурор, Гонгконгта, Сингапурде, Малайзияда, Тайванда тәуелсіз комиссия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Бұндай мекемені құру кезінде билік пен мүлік, саясат пен ақша мәселесі жүйелі шешімін табуы керек.

Ия, параны ұсынған да, оны шімірікпей алған да қылмыскер. Олар бұл әрекетіне қоғам алдында жауапты. Ең бастысы өз ар-намысы алдында кінәлі. Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарифаттағыдай қатаң шаралар қолдануда. Бұл қылмысқа қатысты кез келген азаматты қатаң жазалау. Түрлі деңгейлерде жемқорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастыру. Жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын өткізу. Жемқорлықты болдырмау үшін түрлі тәсілдерді енгізу. Бұл өз кезегінде оңды нәтиже беруде. Оған баршамыз куәміз. Алайда, жемқорлықпен күрестің ең тиімді тәсілі иман. Иман адамды қылмыстан тиюшы әрі ең үлкен бақылаушы.



**Қазақстанда жемқорлық
деңгейі өте көп салалар**



- Білім беру саласы. Бұл бағытта ешкімді жауапқа тартпайды.
- Денсаулық сақтау саласында да заңнама реттелмеген. Сыбайласқан жемқорлық болса да өз қызметін пайдалану фактілер көп.
- Пәтер иелері кооперативтеріне қатысты да шағым жиі түседі.
- Соттардағы және кедендегі сыбайласқан жемқорлық деңгейі әлі жоғары.

Қорытынды

- Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады, сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездойсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігі артып келеді.

- Өкінішке орай, барлық әлем елдері сияқты «Сыбайлас жемқорлық» Қазақстан Республикасында айналып өткен жоқ. Қылмыстың бұл түрінің біздің қоғамымыздың да барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Ең қауіптісі, ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр.
- Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық - жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз - жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек» деп атап көрсетті Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті 2012 жылғы Жолдауында [10].

- Қолданылған әдебиеттер:
- СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ оқу құралы
Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Б.С. Абдрасилов
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 Заңы (11.05.04 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) //Электронды ресурс: <http://www.government.kz/>
- Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы